

Каз
М31

МАХАМБЕТ




K23
M31

МАХАМБЕТ ӨТЕМІС ҰЛЫ



Махамбет Өтемісұлы

Суретін салған *А. Қастеев*



ӨЛЕҢДЕРІ

Қазақтың
Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы
АЛМАТЫ — 1951

Издание Казгосиздата — 1951

Редактор *Т. Исмаилов*
Художник *К. Ходжиков*
Тех. редактор *Е. Круглов*
Корректор *А. Джакупова*

Сдано в набор 18-IX-51 г. Подписано к печати 27-XI-1951 г.
Изд. №157. УГ07755. Формат 70x103¹/₃₂. Бум. л. 2,12 — уч.-п. л. 5,82
(Уч.-изд. 2,71 л.). Тираж 10000 экз. Цена 5 руб. 20 коп.

г. Алма-Ата, Гостипография № 1 Казполиграфиздата
при Совете Министров КазССР. Зак. № 830.

Махамбет Өтеміс ұлы

(1804 — 1846)

Қазақ әдебиетінің тарихынан XIX ғасыр әдебиеті айрықша орын алады. Оның Махамбет, Абай, Ыбырай сыяқты әйгілі өкілдерінің шығармалары — болашаққа қадірлі, ардақты мұра.

Бұл кезде қазақ даласында тап қайшылығы шиеленісе түсті, күрес-тартыс XIX ғасырдың ұзына бойы үзілген жоқ. Үстем тапқа қарсылық жиі көрініп, көтерілістер болып тұрды.

Бұл күрес, тап тартысы өз жаршылары мен жыршыларын туғызды. Әр таптың өзінің мүддесін қорғап, жырын жырлайтын ақыны шықты. Олардың көзқарасы, дүние тануының алшақтығы бұл ақындардың шығармаларын да біріне-бірі қайшы тудырды.

Біз бұл арада XIX ғасыр әдебиетін тұтас алып тек-

сермейміз, оның алғашқы жартысы мен Махамбет ақынның сол кезеңдегі әдебиеттен алатын орны, маңызы туралы айтпақпыз.

Махамбеттің алдындағы бізге мәлім әдебиет өкілдерінің қайсысы болсын, феодал тобының жырын жырлады. Халықтың өз ішінен шығып, езілуші таптың мақсат-мүддесін жырлаған ақындардан әдебиет тарихында аты қалған бірінші ақын — Махамбет.

Хан сарайын төңіректеп, үстем таптың мақсат-мүддесін шығармаларының негізгі идеясы еткен Байтоқ, Жанұзақтардың өкше ізін баса шыққан Махамбет шығармалары идеясы, түрі, стилі жағынан өзгеше, оларға қарсы бағытта мол жаңалығымен көрінді. Оның күллі творчествосы халықтық, демократтық идеяға, болашақ күнге сенімге, оптимистік сарынға толы.

Сөйтіп, Махамбет езілуші таптың қолбасы батыры, үгітшісі ғана емес, сонымен қатар, ол қазақ әдебиетінің өсу тарихында орны бөлек, ұлы ақын. Оның шығармалары бай мазмұнымен, көркем суреттілігімен бүгінгі ақындарымызға да үлгі-өнеге саналады. Махамбет Абайға дейінгі қазақ ақындарының ішіндегі жұртшылық құрметтеп таныған, азаттық көксеген үні бүгінгі күнге анық естілген, мәңгілік ақын. Сонымен Махамбет — өзі жасаған дәуірді тұтас тұлғасымен көрсеткен үлкен суретші, кейінгі буынға үлгі-өнегесі мол классик.

* * *

Махамбет Өтеміс ұлы Батыс Қазақстан, Орда ауданы, Нарын құмында 1804 жылы туған. Ол кезде қазіргі Орда, Жәнібек, Жанғали, Таловка аудандарының бәрі — Бөкей ордасы, не ішкі Орда деп аталатын. Бұлар 1801 жылы Жайықтың бергі бетіндегі Кішіжүзден бөлініп көшкен елдердің жыйынтығы еді. Ел билігі ісінде Кішіжүздің ханы Айшуақпен келісе алмаған Бөкей Нұралы

хан ұлы өзіне ерген бес жүздей үймен Жайықтың арғы беті — Нарын құмына бөліне көшті. Жайықтың бергі бетінен көшіп барып қосылушылар Бөкейліктерді аз жылдың ішінде қомакты ел етті. Солардың ішінде қабырғалы, көп елдің бірі — Беріш руы, оның бір бұтағы — Жайық Беріш болатын. Исатай да, Махамбет те — Жайық Беріш.

Өтемістің Махамбеттен басқа да бірнеше ұлы боқты. Мұны ақынның мына өлеңі шындайды:

Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа мінгенде —
Жер қайысқан қол едік.

1839 жылы Кішіжүздің Қарас ұлы дейтін бір қазағы Махамбеттің бір інісі жөнінде:

«Біздің ауылға қызым Шөкішпен бірге күйеуім Ыбрайым Өтеміс ұлы келді. Әр жақта сорлы болып қалған байғұстар менен жәрдем сұрай келген екен, бір түйе беріп жібердім. Сөйтіп, екеуі ішкі Ордаға қайтып кетті!»¹ деп жазады. Бұған қарағанда, Өтеміс жарлы, көшпелі шаруа болғанға ұқсайды.

Махамбеттің бірге туған бауырлары Сымайыл, Қожахмет, Ахмет, Бекмұхамбет жөнінде аз-маз мәліметтер бар. Сымайыл мен Қожахмет көтеріліске белсене қатысқан. Ахмет Исатай өлетін — 1838 жылдың 12 июлі күні батырдың басқа жолдастарымен бірге қолға түскен, ал Сымайылды патша үкіметі Сібірге айдаған. Бекмұхамбет ханның жақтаушысы, атакты биі болған; көтерілісті жақтамаған.

Жас кезінде Махамбет хан ордасында болады. Жән-

¹ Шахматов. «Ішкі Орда және Исатай Таймановтың көтерілісі». (Кандидаттық диссертация, қолжазба).

4
гір хан оны Зұлқарнайын деген ұлымен бірге Орынбор қаласына жібереді, оған хандықтың мирасқоры — ханзаданы бағып, тәлім-тәрбие беру міндеті жүктеледі. Алайда ханның Махамбетті өз адамы, өз ақыны етуге тырысқан, бұл ниетінен ештеңе шықпайды. Ол Орда маңында жүріп-ақ халықтың мұңын мұндап, жырын жырлайды. Сол үшін «түзелмейтін» ақынды хан Жәңгір сарайынан қуып жіберді. Бұл туралы кейінірек, 1836 жылы 13 декабрьде, Орынбордың губернаторына жазған хатында Жәңгір: ол нағыз бұзықтың өзі болғандықтан, мен оны қуып жібергенмін — дейді.

Махамбет хан ордасында 1824 — 1829 жылдардың арасында болса керек. Өйткені 1829 жылдан былай ол ханға қарсы күрестердің басшыларының бірі болды.

Махамбет 1836 жылғы тексеруде берген жауабында: мен 1829 жылы ұсталып Қалмыков (осы күнгі Батыс Қазақстан облысындағы Тайпақ ауданының орталығы) түрмесінде 2 жыл отырдым. Одан 1831 жылы қашып шықтым — дейді.

Түрмеден шыққаннан кейін де Махамбет бұрынғысынша ханға, би, сұлтандарға қарсы халық наразылығын үндеушілердің бірі болады. Бұл жөнінде ханға әртүрлі хабарлар жетеді де, хан саясат қолданып, наразы болушылардың ішінен ең беделді дегенін ішке тартып, оған өз ықпалын жүргізуді ойлайды. Хан өзіне қарсы болушылардың ішінде Махамбетті үлкен күш деп санайды да, оны қалай да болса, өз қолына қондыруға тырысады. Осы мақсатпен хан Махамбетті 1834 жылы старшина етеді. Мұны Махамбет те түсінеді. Өзінің жаулары — ханға, би, сұлтандарға қарсы үгіт-насихат жүргізе береді. Ол әрекетінен ешнәрсе шықпайтынына көзі жеткен Жәңгір ақырында Махамбетті старшиналыққа өткізбей тастайды. Хан бұл тәрізді саясатты Исатайға да қолданған. 1834 жылы Бурылүй, Қара-

күйлі, Өтепберген, Байбата, Шағана, Қазантөңкерген, Ашықкүйлі, Кұрбаншалған, Қорғаншеген, Күнтоғай, Желкұм, тағы басқа бірнеше жерлердің планын жасап, Жәңгір: «Исатай Таймановтың жақсы жұмысы үшін оның өзіне және жақындарына осы планда сызылған жерлерге қыстауына рұқсат етіп, планы бекіттім. Қол қойып, мөрін басушы Жәңгір хан» — деп, ол Исатайға да «үлкен кеңшілік» берген. Бірақ ханның зымындық саясатынан түк шықпады. Исатай да, Махамбет те кара бастарының қамы үшін халық мүддесін сатқан жоқ.

Алдау әрекеттерінен нәтиже шығара алмаған хан Махамбетті кісі өлтірді деп қаралайды. Жасыл түсіп өлген Жапар Күшікбаевтың кенеттен болған өлімін Махамбетке жабады да, оны ұстау үшін 1836 жылы 17 март күні өзінің қайынатасы Қарауыл қожаны бас етіп, 522 адам аттандырады. Бұлар 1836 жылы 4 апрель күні Исатай, Махамбеттермен Қыялымола деген жерде кездеседі. Бірақ соғыса алмайды. Соғысуға қорқып, Қарауыл қожа Ордаға қайтады.

1
Өз күшімен Махамбетті ұстай алмайтындығына көзі жеткен хан: Махамбет кісі өлтірді, ол «нағыз шідерін үзген адам, Исатай сол Махамбеттің ықпалына түсіп жүр» деп, Орынбордың генерал-губернаторына арыз жазады. Мұны тексеруге Орынбордан арнаулы комиссия шығып, сол 1836 жылы ноябрь айында Махамбеттің де, Исатайдың да ізін аңдйды. Бірақ жергілікті халық комиссия жауап алғанда бәрі де Исатай, Махамбетті жақтайды.

Комиссия Перовский мен Жәңгірдің Исатай, Махамбетті қалайда қаралап ұста деген арнаулы тапсырмалары болса да, әрі материал жоқ, әрі мына тәрізді елдің толықсып тұрған жағдайында оларды өтірік жаламен ұстауға қорқып, лажсыздан ақтау қортындысын шығарады.

Бұл уақығадан кейін, яғни 1837 жылдары, Махамбет Исатаймен бірге болады. Балқы, Қарауыл кожаның ауылдарына шабуыл жасайды.

Исатай, Махамбет бастаған шаруалар осы жылы июнь айында Орданы қамап алғанда, хан қатты сасып, қашып кетпекші болады. Бірақ ханның кеңесшілері: дегенін істемекші болып, аз күнге бөгей тұр, Астрахань мен Орыпбордан патша әскері көмекке келгенше, не десе де көн дегенді айтады. Осыны дұрыс деп білген хан, Исатай, Махамбетке елші салып, айтқанын істемекші болады да, 10 күнге кеңшілік сұрайды. Исатай, тағы басқалары ханға 10 күнге кеңшілік берелік деген қортындыға келеді. Бірақ Махамбет оған қарсы болып, ханның да, оның қасындағы билердің де оларды алдап жүргендігін айтып, елшілерді өлімге бұйырып, орданы тез шабуды талап етеді. Бірақ Махамбеттің бұл сөзін мақұл таппай, Исатай ханға 10 күнге кеңшілік береді. Тап осы эпизодты ақын «Әй, Махамбет жолдасым» деген өлеңінде бұлжытпай айтады. Бұдан Махамбеттің ежелгі жауы — хан, сұлтанлармен бітімге келуді ойламағаны, халықты қарулы көтеріліске шақырғаны аңдалады.

1837—1838 жылдары Махамбет көтерілген шаруалардың хан, сұлтан, патша әскеріне қарсы күресін басқарушылардың бірі болды. Сол жылы декабрьдің 13 нең бастап 1838 жылдың 12 июнь айына дейін жайықтың бергі бетіндегі елдерді аралап, үгіт таратады. Ақын бар талантын халықты үстем таппен күреске жұмылдыруға, теңдік алу жолына салады.

Махамбеттің өмірін зерттегенде оның ерлік, адамдық қасиеттері көзге айрықша түседі. Бұл туралы ел аузында аңыз, әңгімелер өте көп.

1837 жылы декабрьдің 13 күні қол Жайықтан өтпек боп ілгері кетеді де, Исатай, Махамбет соң қалып, жол тосады. Бұларды төрт жақтап қуған отряд айнала қамап, солардың ішінен «қу мерген» атанған ханның ат-

қыш-садақшысы жеке шығып, бұларға жетеді. Сол жерде Исатай: «Мынаның ұсынғаны қате кетпеуші еді, біреумізді алып қалуы мүмкін, сен кет, Махамбет!» — дейді. Махамбет: Қолбасшысын жауға қалдырып, өзі құтылған қосшыда не қаснет, сіз кетіңіз!» — деп, өзі жау бетінде қалыпты.

Тағы да бір аңыз: Ішкі Ордан патша әскерінің күшімен ығысып шыққан Исатай, Махамбет 40 жолдасымен келіп, Жайықтан өтеді. Жайықты жағалай алып жатқан әскери қоршаудан жарып шығып, бұлар сол беттегі қалың Кішіжүз руларына қарай бет алады. Бұл декабрьдің 12 нең 13 не қараған түн екен. Түтек боран тұрып, күн суыйды. Игілікті істің сәті болмай, патша мен ханның қуғынына ұшырап, ұзақ жол қажытқан ерлер далаға түнейді. Ашып айтпаса да, жаны мен тәні бірдей қажыған көп қабағы қатып, үнсіз жабығады. Үміт үзілді деп уайым шегеді. Сонда жалынды Махамбет жабырқаған топқа: «Ереулі атқа ер салмай» деген ерлік пен қайсарлықты, жырлаған атышулы өлеңін айтыпты. Ақын сөзінен бойына қуат құйылған жұрт еңсені көтеріп, ауыр жолдың азабына нықты батылдана тосыпты, — деседі.

1840 жылы Жәңгір хан сұлтан Бөкейханов пен Балқы Құдайбергенов биге Махамбетті ұстандар деп бұйрық береді.

Хан Жәңгірдің мәлімдемесі бойынша Орынбор губернаторы Орал қаласының әскери атаманына Махамбетті ұстауға шараны тез қолданыңдар деген бұйрық береді. Тап осы сыяқты тапсырманы сұлтан Баймағамбет Айшуақовқа да жүктейді. Баймағамбет бұл тапсырманы орындауға Аспандияр Сайдалиң мен Таукинді жібереді. Бұл екі төре Жайықтың жағасын мекендеген елдерді аралап, іздемеген жер қалдырмайды. Бірақ Махамбетті таба алмайды. Хан мен сұлтанға қас

халық, қуғыншылардың қолына еңбекшілердің мүддесін қорғап, жырын жырлаған ардақты ақынды ұстап бермейді.

1841 жылы 4 мартта Мұртаза Өзбекқалиев деген адам үкімет орнына: Махамбет Ембі мен Жайықтың шекарасындағы бір ауылда жасырынып жүр деген мәлімдеме түсірген. Қалмықовтан Махамбетті ұстауға аттандырған қырық кісілік отряд оны сол шекарадағы Тілекеев дегеннің үйінен табады. Отряд үйді қамап алып, тұс-тұсынан кіріп келеді. Тегін берілмеуге бел байлаған Махамбет қанжармен бір-екеуін жаралап барып қолға түседі. Сөйтп, Махамбетті ағайынды Тілекеевтермен бірге Қалмықовтан 1841 жылы 17 мартта Орынборға жөнелтеді.

Махамбетті Орынбор қаласына әкеле жатып, жолшыбай Баймағамбет сұлтанға алып келіпті деген халық аузында бір аңыз бар. «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген атакты өлеңі осы жерде шығарылған екен. Баймағамбет Махамбетке жырла деген де, ақын сұлтанға деген бар зәрін, бар өшпенділігін төгіпті — деседі.

Ал бұл аңыздың екінші бір түрінде Баймағамбет сұлтан жақын төрелерімен бір ауылда жатқанда, үстінен Махамбет шығып қалады. Сұлтанның жанында қарулы отряд жоқ екен, ал Махамбет қару-жарағымен келіпті. Махамбеттің қару-жарағымен ауыл үстіне келіп қалғанын естіп, Баймағамбет билеріне: «Мұнда алып келіндер, сөйлесейік. Нендей сөз айтса да, үндемеңдер, қарсылассандар өлтіріп кетер», — деп ескертеді.

Билер Махамбетті шақырып келгеннен кейін Баймағамбет ақыннан «Исатай екеуің не істемекші едіңдер» дегенде, Махамбет сол арада өзінің атышулы өлеңін жанынан суырып салып айтқан екен, төрелер Баймағамбетке жалбақтап, ақынға қарсы бірдеме айтпақшы болады. Бірақ қан төгілетінін сезген сұлтан жолдастарына: «Бұлай демесе Махамбет — Махамбет бола ма, оның сөзін

көтермесем, мен — хан болам ба?» деп жалтарып кетеді.

Бұл екі аңыздың қайсысының ақыйқат екенін кесіп айту қиын. Алайда бірінші аңызды Махамбет өлеңдерінің өзі шындайды.

Көрмес, келмес деп едім,
Өз еркiммен бетiңдi-ай.
Есiгiңнiң алдына
Ұрмай-соқпай келтiрген,
Арманың бар ма кұдайға?
Мынау Махамбет сынды жетiмдi-ай!

Бұл үзiндiлерге қарағанда, Махамбет Баймағамбетке ұсталғаннан кейiн жолыққан болу керек.

Генерал-губернатор Перовскийдiң бұйрығымен Махамбет Өтеміс ұлының ісі әскер сотына беріледі. Тергеуші алдында Махамбет өзінің көтеріліске басшылық еткенін мойнына алмайды; қайта патшаның шекара үкіметіне талай жақсылық істедім, мысалы: Хорунжий Шустиковты тұтқыннан босаттым дегенді айтады. Қолға түскен қазақтар мен Хорунжийді босатуға Махамбет бір себептермен жәрдем көрсетсе керек. Хорунжий Шустиков Махамбеттің бұл жауабын тергеуде шындап сөйлейді. Сондықтан Махамбеттің ісін қысқартып, ол туралы генерал губернатор: «Орал сыртындағы Орда деген жерде болған кезде үкіметке жақсылық еткенін ескеріп, сотқа тапсырылған Махамбет Өтеміс ұлы жазадан құтқарылып шекарадан өткізіліп жіберілсін, бірақ оның бұдан былай шекараға жақындауына тыйым салынсын, егерде бұл тыйымды бұзса, немесе ішкі Ордаға өтсе, қатал жазаға тартылсын» деп үкім шығарады.

Сөйтп 1841 жылы 7 июльде шекара комиссиясы Кішіжүздің орта аймағының правителі Арыстан Жантөрин сұлтанға: «Шекараға жақындатпасын» деп нұсқау жазып, Махамбетті шекарадан өткізіп жібереді.

Үкімді ести сала Жәңгір наразылық білдіріп, Махамбеттің үстінен тағы да материалдар жыйнай бастайды; патша үкіметінің алдына мәселе қойып, қайта соттатуға тырысады. Бірақ губернатордың қарары шығып қалғаннан кейін, шекара комиссиясы ешнәрсе істей алмайды да, Жәңгірге өздерінің үкімі туралы ресми түрде хабар етумен ғана тынады.

Махамбеттің 1841—1845 жылдар кезіндегі өмірінен жөнді мағлұмат жоқ. Бұл жылдарда Махамбет қуғында жүрген тәрізді. Махамбет өмірінің ең ауыр кезені де осы жылдар болу керек.

1845 жылы февраль айында баласы Нұрсұлтанды шекара комиссиясы жанындағы мектепке кіргізу үшін Махамбет Орынборға келеді. Жаңадан бағынған казак облыстарына керекті чиновниктер дайындау үшін патша үкіметі мектептер аша бастаған. Бұл мектептерге кіруге казак ақсүйектерінің балаларына да есік ашық еді. Баласын мектепке кіргізу үшін жазған Махамбеттің өтінішін тексергенде, комиссия Махамбеттің бұрынғы істерін қайта көтереді, тез Орынбордан кетуге бұйырады және неліктен бұрынғы шарттарды бұзып, мұнда келген себептерін тексеріп, жауап алады. Бұл іс қайтадан генерал-губернатордың қарауына түсіп, оның әмірі бойынша шекара комиссиясы сұлтан правительден Махамбет туралы мәлімет сұратады. Махамбет бұл кезде Кішіжүздің батыс бөлімінде жүрген болатын. Сондықтан оған мінездемені ежелгі жауы — сұлтан Айшуақов береді. Әрине ол Махамбетті қауыпты жау етіп көрсету үшін қолдан келген бар бәлені оның басына жабады.

«Қирғиздардың арасындағы ол ең бір нашар және зыянды мінезді кісі. Сондықтан оны менің қарамағымнан аулақтау жөнінде бұйрық беруіңізді мен сізден бас иіп өтінемін» — деп жазады. Екінші бір қағазында Баймағамбет сұлтан: «Махамбеттің төңірегінде Ішкі ордан

қашқандар паналап жүр, оларды үкімет бұйрығынан Махамбет құралдың күшімен арашалайды» деген.

Шекара комиссиясы бұл мәлідемелермен танысқаннан кейін баласын мектепке алмауы былай тұрсын, оның рулас елін жазалап үкім шығарындар деген бұйрық берген. Қосымша архив мәліметінсіз Махамбетті қайта қудалаудың анық неден туғанын ашып айту қиын. Әйтсе де, күйзеліске ұшыраған бұқараны көзі көре тұра, Махамбет қол қусырып отыра алмады, ежелгі ескі кегін — ел мүддесін жоқтады, — қудалаудың бас себебі осы деп топшылауға болады.

Шекара комиссиясы үкімге сүйеніп, Махамбетті Орынборға тапсыруға Айшуақовқа бұйрық жібереді. Бірақ, мұны орындау қиынға соғады. Өйткені қарапайым халық Махамбетті ұстап бермейді. Халық ниетін білгеннен кейін Баймағамбет сұлтан зұлымдыққа бел байлап, Махамбетті қапыда өлтірмекші болады. Осы оймен 1846 жылдың октябрінде сұлтан Махамбетті ұстау үшін Ықлас Төлеев, Беріш руының биі Жаңаберген Боздақов, Төрежан Тұрымов, Жүсіп Өтеулиев және тағы басқа адамдарды қосып аттандырады. Бұлар Махамбеттің аулына келеді. Махамбет бұл жүрістің тегін емесін сезеді де, Төрежан Тұрымовты атады. Бірақ оғы тимейді. Сол арада Төрежан барымтаға алған жылқыны қайыру жөнінде берген сұлтанның бұйрығын тапсыруға келдік деп алдайды. Махамбет келісім жасау үшін олардың кейбіреулеріне үйге кіруге рұқсат етеді. Үйге Ықлас Төлеев пен Мұса Нұралиев кіреді. Махамбетті қасақана ерегістіріп, ұрыс көтеру үшін Ықлас Төлеев онымен сөзге келе бастайды. Кешікпей-ақ керіс урысқа айналады. Махамбет те қолға тірі түспеуді ойлап, қанжармен қару етеді. Осы кезде үйге кіріп келген Жүсіп Өтеулиев Махамбеттің басын қылышпен шауып түсіреді. Үйін талап, туысы Хасен Өтемісұлын ұстайды, қанішерлер Махамбеттің басын сұлтан Айшуақовқа апарып береді.

Махамбеттің өлімі жөнінде тергеу орнының мәліметтеріне сүйеніп, В. Шахматов Өтеміс ұлын өлтірушілердің әдейі бұрып көрсетуінен, уақығаның шын бағыты өзгерген деп жазады. Шынында да, уақығаның бұл түрі үлкен күман келтіреді.

Біріншіден, Махамбет сыяқты мерген адамның оғы Төрежанға тимеуі, әсіресе, қарумен келген жауын көре тұра алдауға түсуі нанғысыз нәрсе. Екіншіден, Махамбет сыяқты қолында қаруы бар, әлуетті адамның үйге кірген екі кісінің бірін жараламай сау кұтқаруы мүмкін емес.

Махамбеттің өлімі жөніндегі сот материалын өлтірушілер мен сұлтан Айшуақовтың ойлап шығаруы ықтимал. Тегі арсыз жаулары Махамбетті зұлымдықпен андаусызда өлтірген болса керек.

Ел аузында мынадай бір сөз бар: Ықлас өзінің сенімді жолдастарымен Дендер бойындағы Қарой деген жерде елден бөлектеу жалғыз үй отырған Махамбеттің үйіне келеді. Олар ақын үйіне қонаққа, сәлемдесуге келген кісі болып отырып, дастархан үстінде қылыш жұмсайды. Сөйтіп, елін сүйген ерді, атышулы ақынды қараниет Ықлас пасықтықпен қапыда өлтіріпті дейді.

Махамбет 1846 жылы 42 жасында өледі. Оның сүйегі Дендер бойындағы Қарой деген жерге қойылған.

* *
*

Ішкі Бөкей ордасының құрылуы Россия патшалығының XVIII ғасырдың аяқ шені мен XIX ғасырдың бас кезіндегі шығыста жүргізген отаршылдық саясатымен байланысты. Жайық пен Еділ арасында өзіне бағынышты хандық құру патша үкіметі шаруашылығының өркендеуіне қолайлы жағдай болды. Сондықтан да, Жайықтың бергі бетіндегі Кішіжүзден бөлектенуге тырысқан Бөкей

хан өзіме ерген еліммен бірге Россия қарамағына ал деп І Павелдың алдына тілек қойғанда, орыс патшасы оның бұл тілегін сөз айтпай қабыл етті.

Бөкейдің «ерген елім» дейтіні сол Нарын құмына қоныстау үшін келген Кішіжүздің көшпелі қазақтары, бұлар бірге-бірте сонда орын тебе бастаған шаруалар еді. Кішіжүзде бұл кезде үлкен шаруашылық күйзеліс болды. Күйзеліс өз ішіндегі феодалдардың еңбекші шаруаны аяусыз қанауынан туды. Жеке рулар, елдер күйзелістен құтылу үшін Еділ мен Жайық арасындағы өлкеге көшіп өте бастады. Оларды өз қарамағына алғаннан кейін патша үкіметі Жайықтың бергі бетіне өтуге тыйым салды. Ал Бөкей қарамағындағы халықтың санын көбейту ниетімен келген қазақтарды сөз айтпастан қабыл алып отырды да, кері қайтуға рұқсат бермеді. Оның мирасқоры Жәңгір хан да осы саясатты берік ұстады.

XIX ғасырдың 30 жылдарында іштен хан мен билер қысымы, сырттан патша үкіметінің тегеуріні халыққа ауырталық келтірді. Халық шаруасы күйзеліске ұшырады. Бұл жағдай ішкі орда шаруаларының арасындағы наразылықты күшейтті. Шаруалар Жайықтың бергі бетіне көшуге әрекеттенді. Бұған патша үкіметі мен Жәңгір хан қатал тыйым салды. Рұқсатсыз көшпек болғандарға аяусыз жаза қолданды. Патша үкіметінің сүйеуіне сенген Жәңгір феодалдардың жерге иелігін нығайта түседі. Ол ішкі ордадағы жердің ең шұрайлысын хан сарайының төңірегіндегі ұлықтарға үлестіре бастайды. Ішкі Бөкей ордасының қазақтарына 6. 400. 000 десе жер тиесі еді, осыдан 30—40 жылдарда Жәңгір хан 4. 500. 000 десе жерді ақсүйектерге үлестірген.

Қазақ еңбекшілері орыс помещиктерінің де қанауына душар болды. Ішкі орда қазақтарының қонысы граф Безбородко мен князь Юсуповтардың дачаларына айналды. Ал олардың арқалық бетіндегі жерінің деніне орыс кулактары, чиновниктері, казактар шеңгелін салды. Шаруа-

тебірену, көкірегінде көл-көсір сыр ұялату, — бәрінен бұрын, — ақынға тән қасиет. Ал суреткер, — бәрінен бұрын, — ақын. Бұл ерекшелікті “Гетенің қазасына” деген өлеңінде Баратынский дәл суреттеген:

Жасыл шөптің тілін ұғып кезінде
Жапырақтың сәл дірілін сезінген,
Жұлдыздармен жымылдасқан, ымдасқан,
Жал толқынмен ақылдасқан, мұңдасқан.
Жаратылыс-табиғатпен бір туған
Жан еді ол кеудесіне нұр тұнған,
Одан бүгін қалған адам сыры жоқ!

Мұншалық тамаша эмоция ірі таланттың табиғатындағы аса мағыналы сипат екені даусыз: Пушкин мен Абай, Достоевский мен Әуезов, Маяковский мен Мұқанов... — бәрінде де сондай ерекшелік болған.

Екіншіден, *бақылау*. Жіті бақылағыштық. Нәзік сезім көреген, дәл бақылаумен ұштасып жатады. Көрмесе, сезім қайдан болмақ. Мұның өзі талант табиғатына тән сезімталдықтың ақиқат шындыққа, өмірдің өзіне негізделген мазмұнын танытпақ.

Үшіншіден, *қиял*. Творчестволық фантазия. Бақылап білген, сезген шындықты кең өріске шығаратын қанатты творчестволық қиял — таланттың серігі. Мұның өзі ойдан шығара білушілік. Ал ойдан шығару жоқ жерде жалпы әдеби шығарма болуы мүмкін емес. Гегель: “... суреткердің творчестволық фантазиясы — ұлы ақыл мен жүрек адамының фантазиясы”*, — десе, Ленин де фантазияның барлық творчествоға тән сипат, ұлы қасиет екенін айтқан: “Тіпті, ең бір дәл ғылымның өзінде де фантазия атқарар роль зор екенін жоққа шығару бекер”...**

Төртіншіден, *интуиция*. Мәселен, өлең жазу — есеп шығару емес. Есеп шығаруда белгілі ереже, амал, тәсіл болса, өлең — ішкі терең, табиғи тербелістің, тебіреністің нәтижесі. Бұл арада да ақынды салқын ақыл емес, ыстық сезім билемек.

Бесіншіден, *өмірбаян*. Ғұмырнама. Тәжірибе молдығы. Тіршілікте көрген-білгені, ұққан-түйгені көп адамның таланты да күшті, мықты. “Өмірі мазмұнды кісінің творчествосы да мазмұнды” болатынын Ибсен біліп айтқан.

Алтыншыдан, *парасат*. Сананың саралығы. Құр соқыр сезіммен, бір ғана интуициямен ұзаққа, биікке шырқау мүмкін емес. Шын талантқа шындықтың парқын білетін

* Гегель. Соч., М., 1938, т. XII, стр. 43.

** В.И. Ленин. О литературе и искусстве. М., 1957, стр. 31.

сарабалд сана, мол парасат керек. Бүгінгі буржуазиялық эстетика бұған қарсы, суреткердің саналылығын емес, сәбилігін жақтайды, өмірдің қайшылығын көрмеуін қалайды.

Жетіншіден, *шеберлік*. Нағыз маман суреткерге тән кәсіби шеберлік болмаған жерде суреткерлік даналық та жоқ. Даналық — еңбек сүйгіштік. Талант — бәрінен бұрын еңбек, содан соң батылдық деп те тегіннен-тегін айтылмаған. Қатал тәртіп, азабы ауыр еңбек жоқ жерде жібі түзу қаламгер де болмақ емес. Өнердегі шын шеберлікке апарар жол — шыдамды еңбек, дилетанттыққа (үстірттікке) — шыдамсыз шалағайлық. Шын шебер шеберленген сайын қинала, терлей түсуге тиіс. Ал шеберлік шексіз. Бұл туралы әйгілі жапон суретшісі Хокусай былай деген: “Алты жасымнан-ақ айналаман не көрсем, соның бәрінің суретін сала беруге талпындым. Жарты жүз жыл ғұмыр сүріп, көп гравюра жасадым, бірақ біріне көңілім толған жоқ. Құстың, балық пен өсімдіктің дәл түр-түрпаттары қандай болатынын жетпістің үшеуіне келген соң ғана аздап ұға бастадым. Сондықтан жасым сексенге жетпей өнерім өсіп-жетіліп болар емес. Тек тоқсан жаста ғана күллі дүние құпияларын тереңірек түсіне алсам керек. Өзім жүзге жеткенде ғана өнерім өбден жетілер деп жүрмін, ал егер жарық дүниеде жүз он жыл жасадым бар ма, қаламым тиген жердің бәрі аумаған өмірдің өзі болар да шығар еді”.

Сегізіншіден, *шабыт*. Шалқыған шабыт болмайынша, шеберліктен де ештеңе шықпайды. Шабытсыздық — қабілетсіздік, қабілетсіздік — дарынсыздық, дарынсыздық — талантсыздық. “Ең арғы жағы геометрияға да шабыт керек” (Пушкин). Адам биік мақсатқа, асыл мұратқа іс жүзіндегі шабытты еңбек арқылы ғана жетпек. Суреткердің шабыты кең көлемдегі халық мүддесіне негізделуге, ақиқат өмірге тамыр тартуға тиіс. Сонда өнер өзінің биік мағынасын табады. Өйткені нағыз шалқар шабыт, творчестволық күлшыну мен күштарлық, Станиславский айтқандай, суреткердің өнердегі өзін сүюінен емес, өзіндегі өнерді сүюінен туады.

Суреткер бітімін, талант табиғатын байыптағанда жоғарғылар секілді өнерліге тән жекелеген ерекшеліктерге назар аудару тұра, сайып келгенде, оның жеке өз басының дара қасиетін, оның рухани жан дүниесін, өлеуметтік кейпі мен моральдық кескінін, дүниетанымы мен қоғамдық қызметін, білімі мен мәдениетін ескермеуге тіпті де болмайды.

Суреткер белгілі бір қоғамда өмір сүреді, белгілі бір қоғамдық ұжымның мүддесіне ортақтасатын сондықтан

басын құрастырып, зорлап-зомбылап та әскер жияды. Исатай мен Ешкім ұлына қарсы генерал-губернатор Перовский жаңа отряд құруды бұйырады. 1838 жылдың 6 июлінде бұл отрядты Гекке бастап, сұлтан Айшуақовтың әскеріне қосылады. Көтерілісшілердің негізгі қолы Қайыпқалидың бастауымен Қыйыл өзенінде жасақ құрады. Бірақ Қайыпқали ел мүддесін сатып, патша жағына шығып кетеді. Исатай мен Махамбет 500 адамды ертіп, сұлтан правительдің ордасын шауып алуға аттанады. Бұлар 12 июльде подполковник Гекке мен Айшуақовтың қалың қолына кездеседі; соғыс болады. Бұл соғыста бостандық тілеген елдің көсемі Исатай Тайман ұлы қаза табады. Исатайдың өлімі және патша үкіметінің көтерілісшілерді қатал қудалауы күрестің тоқтауын гездетті. Көтеріліс кешікпей лажсыз басылады.

Махамбет өлеңдері сол Исатай мен өзі басқарған шаруалар көтерілісін жырлайды. Қанаушыларға қарсы көтерілген бұқара күресіне белсене қатысуы ақын творчествосына халықтық сыйпат береді. Бұл күрес оны ақсүйектердің ықпалынан аулақ етті, өмір шындығын жетек көріп, білуге үйретті, халық мүддесінің жыршысы етті. Ол халықтың теңсіздік, күлдік тұрмысын, қайғы-қасіретін шын жүрегімен ұғынып, сезді. Хан, сұлтан, бай мен билердің тепкісінде езілген бұқараның аяншты халын қайғылы, ызалы жырлады.

Махамбет шығармасын тексеріп, оған баға бергенде, ақынның біздің заманымызға жеткен өлеңдеріне ғана сүйенеміз. Бұл — Махамбет шығармаларының, әрине, бәрі емес, оның бір бөлшегі ғана. Бірақ бұл өлеңдер Махамбеттің рухани кейпін толық бере алатын шығармалар. Сондықтан да, олар халық жадында сақталып, болашаққа жетті. Атадан балаға қасиетті өсиеттей қалып отырды.

Махамбет поэзиясы өздері бастаған халық көтерілісін, оның көсемдері мен батырларының ерлік күрестерін суреттейді. Оның өлеңдерінің дені көтерілістің шын, болған уақытгаларынан туған. Халық қозғалысының ортақ сыйпаты бар көріністерін алып, ақын әлеуметтік үлкен, түйінді ойлар аңғартады. «Соғыс» деген өлеңінде ақын ішкі орда шаруалары көтерілісінің алғашқы кезеңін: Айбынды қолдың ордаға ат қойып, қоршап алғанын, хан Жәңгірдің халық ашуынан үрейі ұшқанын, ханға көмекке қалған патша үкіметінің әскерімен сілкіскен халық батырлығын көркем бейнелейді.

Ол өлеңде айтылған уақытгалары, жер, ел аттарын, адамдар мен ру аттарын тарихи деректер растайды. Махамбеттің айтуынша, Ордадан қырық шақырым жердегі Бекетай құмында жатқан қалың қол, айбынды күш болған. Бұны тарихи материалдармен салыстырғанда дәлме-дәл келеді. Мысалы: подполковник Гекке штабқа жазған бір хатында: «Тайман ұлының сонынан ергендердің саны қазір екі мыңдай және бәрінің де қаруы бар» деген мәлімдеме білдіреді. Мұнан кейін, екінші бір документте: «Тайман ұлына беріш, Байбақты, Қызылқұрт, Алаша, Жаппас және Ыстық руларынан 17 старшина келіп қосылды» деп жазылған. Сөйтіп, Махамбеттің бұл өлеңінде айтылатын Беріш руының аты да, «Ағатайлап» жауға шабатын ұраны да, Байбақты руының атақты старшинасы Жүніс те тарихқа мәлім.

Сол өлеңнің екінші бөлімінде көтерілісшілердің түнгі жасаған кеңесі, ертемен оларды қоршап алған жау, соғыс суреттері айтылады:

Қарай тұрсақ әр жерден
Жау бір өрттей қайнайды.
Қайнағанмен қоймайды,
Мылтығын қардай боратып,
Жетіп келді қамалға,
Қамалды бұзып аларға.

Махамбет бұл жерде 1837 жылдың 15 ноябріндегі Тастөбеде болған ұрысты суреттеген. Бекетай құмынан ығысқан көтерілісшілерді подполковник Геккенің әскері Тастөбе деген жерде қуып жетеді. Көтерілісшілер қарсы шабады. Бұл шабуыл жауды ығы-жығысына қаратпай, жапырып жібереді. Көтерілісшілерді патша әскерлері артиллерия күшімен қана шегіндіреді. Жау әскерінің жете қаруланғандығына қарамастан, асқан ерлік көрсеткеп көтеріліс жауынгерлерінің қыймылын көрсету үшін ақын ұрыстың алғашқы суреттерін береді. Алайда Махамбет көтерілістің жеңген шағын ғана емес, жеңілістерін де айтады.

Әскердің алды бөгелді,
Қырдан ойға төгілді.
Ханның тобы үш атты...
Топтың үні шыққанда,
Сонда батыр жөнелді...
Жөнелмей батыр не қылсын,
Ерсары мен Қалдыбай —
Екі арыстан тең өлді,
Жетім-жесір көп қалды,
Хан әскері кенелді.
Қызғыштай болған есіл ер
Қайран да жұрттан не көрді?!

Өленде Қалдыбайдың аты аталған. Соған қарағанда, бұл көтерілістің Истомин отрядімен соғысқан эпизоды болу керек. Бұл 1837 жылғы бір шайқас болатын. Тарихшылардың айтуына қарағанда, Исатайға ең берілген адамдардың бірі Қалдыбай тұқымы болған. Қалдыбайдың өзі Исатайды қуып келген Истомин отрядімен соғысқанда қаза болып, Есмағұл мен Қабыланбай деген екі баласы қолға түседі. Сөйтіп, Махамбет өзінің қадірмен

достарының қаза болғанын жаудың олжаға батып, халықтың қайғы тартқанын, көтерілістің сәтсіз шағын жақырмай, шын көрсеткен.

Бар өмірін халықтың қамы үшін сарп етіп, елмен бірге күн-түн қатып, ұлы жорықтың жолында басын пида қылған Исатай өлімі ақынға қатты батады. Көтерілістің соңғы кезеңінің күйзеліске ұшырағанын да ақын Исатай көсемінің өлуінен дейді. Басшысынан айырылған көтерілісшілердің жеңілісін, мұңын айтады. Сондықтан да оның Исатай өліміне арнаған өлеңдері — кеудесін кернеген мұң-шердің ақтарылғанындай; жеңіліске ұшыраған көтерілісшілердің онығындай. «Мұнар да мұнар мұнар күн» деп, қайғылы жүректен ауыр күрсініп жырлайды.

Бұлайда ерді кескен күн,
Буулы теңді шешкен күн,
Сандық толы сары алтын,
Сапырып судай шашқан күн
Түс қыла көр құдайым,
Біздей мейманасы тасқанға,
Біздің ер Исатай өлген күн.
Он сан байтақ бұлген күн...

Исатай Махамбет өлеңдерінде басты тұлға боп жырланады. Оның ісі, ерлігі ақын творчествосына желі боп тартылған. Исатайға арналған «Мінкен ер», «Тарланым», «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Қызғыш күс» деген өлеңдерінде ақын батырды халықтың көсемі, еңбекші бұқараның қамқоры етіп көрсетеді:

Атына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп, —

мақсат етті Исатай, — дейді Махамбет «Тарланым» деген өлеңінде. Ақын Баймағамбетке айтқан өлеңінде Исатайға да, өзіне де тап осы сыяқты мінездеме береді.

Махамбет көтерілістің жеңілісін, Исатайдың өлімін

жырлағанмен, сары уайымға салынып, егіле бермейді. Көтеріліс сәтсіздікке ұшырағаннан кейін де Махамбет Әлім, Адайды кезіп жүріп, халыққа батырлардың ісін, ерлігін баян етіп, көтерілісшілерге рухани күш береді. Бұл кезде ақынның зор үмітпен көтерілістің күшіне сеніп, мақсатқа жету жолында болғаның мыңа өленінен көруге болады:

Ел шетіне жау келсе,
Азамат ердің баласы
Намысына шыдай ма?
Жаттан көмек сұрай ма?
Арғымақ жалсыз, ер малсыз,
Жаратқанның не берері болжаусыз,
Жолдастарым мұңайма!

Осы сөзді ол «Мұңайма» деген өлеңінде де қайталап:

Кім жеңері талай-ды,
Жолдастарым, мұңайма! —

дейді.

Сөйтіп ол іс біткен жоқ, Ордадан ығыстырғанмен Жәңгірдің күшін көріп аламыз, кім жеңері белгісіз, мұңаймандар деп қайрат береді. Осы қайрат, осы жігерді толық суреттейтін ақынның жақсы шығармаларының бірі — «Жайықтың бойы көк шалғын» деген өлеңі. Бұл өлеңді ол өзінің туған жерінен алыста жүріп, хан ордасын шабуға жеткілікті күш жыйнап, жеңу үміті қайта туған кезде шығарған болу керек.

Жайықтың бойы көк шалғын,
Күзерміз де, жайлармыз,
Күлісті сынды күренді,
Күдірейтіп күнде байлармыз
Кұдай істі оңдаса,
Ісім жөнге келгенде,
Қалмаған көп дұшпан,
Әлі де болса, қойдай қылып
айдармыз! —

деп арманын, сенімін айтады.

Сонымен қатар Махамбет бірсыпыра өлеңдерінде күйректікке салынады, Исатаймен бір болған шағын аңсап, қайғы-мұңға беріліп те кетеді.

Ер табылғанын жөнелтіп,
Елсізде аңырап қалған шақ,
Біздерден ақыл сұрама!..
Ер қабыланын жөнелтіп,
Елсізде қайғып қалған шақ,
Кім айтады бізді мұңсыз деп!

Немесе:

Баршасын жауға алдырған,
Кұрулы жатқан жебеге
Кұрсағынан шалдырған,
Асыра келіп ойласам,
Бұл заманның шағында
Махамбеттей зарығып,
Мұңды болған қайда бар?!


Махамбет көтерілістің жеңілу себебі тек Исатай өлімінен деп ұғынады. Ол Исатай сыяқты басшысынан айрылған бұқара енді қайтып бас көтере алмайды деп біледі. Әрине, бұнысы қате еді. Махамбет көтерілістің негізгі күші жеке ерлерде емес, қалың бұқарада екенін түсінбеді. Махамбеттің Исатай өлімінен кейін шығарған өлеңдерінің кейбірінде осындай сарын кездеседі.

Көтеріліс жеңілгеннен кейін Махамбет бірнеше жолдастарымен талай күндерді жапан далада өткізеді. Оның осы сапарда шығарған өлеңдерінде жалғыздық та, қажығандық та байқалады.

Ертеден кешке дейін зарласам,
Бермей ме екен құдайым,
Біздей тарыққан ердің тілегін?!

Махамбет творчествосындағы бұл сықылды құлазу сарыны «Біткен істің міні жоқ», «Арқаның қызыл изені» тәрізді өлеңдерінен де сезіледі.

Алайда Махамбеттің көтеріліс беті қайтқан соң шығарған кейбір күйрек өлеңдері ақын творчествосын жоққа шығара алмайды. Махамбет өз заманының шындығын — қанаушы таптың зұлымдығын, халықтың ауыр халін жырлаған ақын. Біз мұны оның жарқын, жалынды өлеңдерінен айқын көреміз. Махамбет өлеңдерін бұдан да көрі толық жыйнап, жұртшылыққа кеңінен таныстыра түсу — алдағы күннің келелі міндеті.



Ереулі атқа ер салмай

Ереулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Қоңыр салқын төске алмай,
Төбінгі терге шірімей,
Терлігі майдай ерімей,
Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала,
Сақалы шығып жат болмай,
Ат үстінде күн көрмей,
Ашаршылық, шөл көрмей,
Өзегі талып ет жемей,

Ер төсектен безінбей,
Ұлы түске ұрынбай,
Түн қатып жүріп, түс қашпай.
Тебінгі теріс тағынбай,
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай!
Ерлердің ісі бітер ме?!

! Толағай — бас деген сөз.



12




Сорыс

Әскер жыйып аттандық,
Бекетай еді тұрағым.
Айқайлап жауға тигенде,
Ағатай — Беріш ұраным.
Бекетай құмға ел қонып,
Байбақты Жүніс аттанды,
Қосылуға дем болып.
Құдайлады хан ұлы,
Іздеген жауы біз болып.
Жау қарасы көрінді,
Жыйылған әскер бөлінді.
Исатай басшы, мен қосшы,

27

Исатайдың сол күнде
Ақтабан аты астында,
Дулығасы басында.
Зығырды қайнайды.
Астына мінген ақтабан
Ақбөкендей ойнайды.
Қасына ерген көп әскер
Маңыраған қойдай шулайды.
Артымыздан келіп қол жетті,
Аз жетпеді мол жетті.
Жеткен жерін айтайын:
Беке күмның басында,
Ағаш үйдің қасында,
Түнімен түйіндік,
Таң атқанша тарандық;
Таң ағарып атқан соң,
Төңірек жаққа қарандық;
Қарай тұрсақ әр жерден:
Жау бір өрттей қайнайды,
Қайнағанмен қоймайды,
Мылтығын қардай боратып,
Жетіп келді қамалға,
Қамалды бұзып аларға.
Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын какыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Біздің қайсар батырдың
Жүрегін сүйтіп оятқан.
Әскердің алды бөгелді,
Қырдан ойға төгілді.
Ханның тобы үш атты...
Топтың үні шыққанда,

Сонда батыр жөнелді..
Жөнелмей батыр не қылсын,
Ерсары менен Қалдыбай —
Екі арыстан тең өлді.
Жетім-жесір көп қалды,
Хан әскері кенелді..
Қызғыштай болған есіл ер
Қайран да жұрттан не көрді?!






Мінкеч ер

Мінкен де, мінкен, мінкен ер,
Бұл сықылды неткен ер?!
Көлденең жатқан Жайықтан
Құралайдың күнінде
Еркек койдай бөлініп,
Қырқарланып өткен ер.
Күншығыстың астында,
Күнбатыстың тұсында,
Қарындасым бар-ды деп,
Қабырғасын сөксе де,
Қанын судай төксе де,
Қайыспас қара нар-ды деп,



Мандайынан күн өтіп,
Жауырынан жел өтіп,
Күн астымен жеткен ер.
Айтып, айтпай немене?
Исатайды өлтіріп,
Серкесінен айрылып,
Сергелдең болған біздің ел .



Тарланым

Таудан мұнартып ұшқан тарланым
Саған ұсынсам қолым жетер ме?
Арызым айтсам өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау,
Саған да менің арманым!
Кермйығым, кербезім!
Керіскендей шандозым.
Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмыздай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Төңіздей терең ақылдым!

Тебіренбес ауыр мінездім!
Садағына сары жебені салдырған,
Садағының кірісін
Сары алтынға малдырған,
Тереннен көзін ойдырған.
Сұр жебелі оғына
Тауықтың жүнін қойдырған.
Мандайын сары сусар бөрік басқан,
Жауырынына күшіген жүнді оқ ша-
нышқан.
Айқайласа белдік байланған,
Астана жұртын айналған,
Атына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп,
Адырнасын¹ ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ—Жайық тең өткен.
Атқанын қардай боратқан,
Көк шыбығын қанды ауыздан
жалатқан. —

Арыстан еді-ау Исатай!
Бұл фәнидің жүзінде
Арыстан одан кім өткен?!

¹ Адырна — садақтың оқ тіреп ататын тарамысы.





Мұнар күн

Мұнар да, мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын¹ мұзға тайған күн.
Бура атанға шөккен күн.
Бұлықсып жүрген ерлерден
Бұрынғы бақыт тайған күн.
Қатарланған қара нар,
Арқанын қыйып алған күн.

¹ Буыршын — піштірілмеген құнанша, жас түйе; мұзға таймайды, табанының мөрі кетпеген, тұяғының қара құсы мұқалмаған өткір келеді.

Алма мойын аруды
Ат көгіне салған күн.
Бұлайдай ерді кескен күн,
Буулы теңді шешкен күн.
Сандық толы сары алтын,
Сапырып судай шашқан күн.
Түс қыла көр, құдайым,
Біздей мейманасы тасқанға,
Біздің ер Исатай өлген күн.
Он сан байтақ бұлген күн,
Орта белін сырлаған
Оқ жаңбырдай жауған күн.
Оң қанатын теріс жайып
Лашын қуға төнген күн.
Желпілдеген ала ту
Жыйырылып ойға түскен күн.
Жез қарғылы құба арлан,
Жез қарғыдан айрылып,
Қорашыл төбет болған күн.
Аса шапқан құлаша ат
Зымырандай болған күн.
Арқаулының бойынан
Теріскей дауыл соққан күн.
Қас бәйтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп,
Алыстағы дұшпанның
Қуанып көңлі тынған күн.





Ұлы арман

Желп-желп еткен ала ту
Жыйырып алар күн қайда?!
Орама мылтық¹ тарс ұрып,
Жауға аттанар күн қайда?
Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Арғымақтан туған асылды
Баптап мінер күн қайда?
Алаштағы жақсыдан:

¹ Орама мылтық — бұрынғының мылтығы. Пестоны дымкыл тартпасын деп, шүберекпен орап ұстайды.

Батасын алып, дәм татып,
Түлкідейін түн қатып,
Бөрідейін жол тартып,
Жаурынына мұз қатып,
Жалаулы найза қолға алып,
Жау тоқтатар күн қайда?!!






Тайманның ұлы Исатай

Арғымақтан туған қазанат,
Шабуыл салса нанғысыз.
Қазанаттан туған қазмойын,
Күніне көз көрінім жер шалғысыз.
Айырдан туған жампоз бар,
Нарға жүгін салғысыз.
Аруанадан туған мая бар,
Асылын айуан десең нанғысыз.
Жаманнан туған жақсы бар,
Атасын айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда

Жарамды бір теріге алғысыз.
Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді;
Исатайды өлтіріп,
Қырсық та шалған біздің ел.






Орай да, борай қар жауса


Орай да борай, қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?!
Қаптай соққан боранда
Қаптама киген тоңар ма?
Туырлығы жоқ тұл үйге
Ту байласаң тұрар ма?
Ту түбіне тұлпар жығылса,
Шаппаған нәмерт¹ оңар ма?
Қарындастың қамы үшін,
Қатын менен бала үшін,
Қайрылмай кеткен жігіттің

¹ Нәмерт — сертте тұрмайтын адам.

Өзін көпір алғанын —
Талам¹ деп айтсаң болар ма?
Асқар, асқар, асқар тау,
Асқар таудың бүркіті
Ылдыйдың аңын шалар ма?!
Лашын, сұңқар жүн төксе,
Далада қалған сүйек деп,
Шеніне қарға жолар ма?

¹ Талам — талақ ету.





Ерлердің ісі бітер ме

Беркініп садақ асынбай,
Біріндеп жауды қашырмай,
Білтеліге¹ доп салмай,
Қорамсаққа² қол салмай,
Қозы жаурын оқ алмай,
Атқан оғы жоғалмай,
Балдағы³ алтын құрыш болат
Балдағынан қанға боялмай,
Қасарысқан жауына

¹ Білтелі — бұрынғының ауыр мылтығы.

² Қорамсақ — бұрынғының оқ сауыты.

³ Балдақ деп қылыштың тұтқасын айтады.

Қанды көбік жұтқызбай,
Халыққа тентек атанбай
Ерлердің ісі бітер ме?!





Толарсақтан саз кешіп

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығуға,
Қас үлектен туған кәтепті¹
Қара нар керек біздің бұл іске.
Қабырғасын қаусатып
Бір-біріндеп сөксе де,
Қабағын шытпас ер керек,
Біздің бүйткен бұл іске!!

¹ Кәтеп — жүк арту үшін нардың үстіне салынатын ағаш. Кәтеп екі өркештің арасында тұрады да, оны жүк баспайды. Үстінде кәтебі бар нар жүкті көп көтереді.



Толғау

Еменнің түбі сары бал,
Еріскен көңіл бәрі бал,
Жоғарыдан төмен төгейін
Керегіңді теріп ал.
Қасыма ерген, жолдастар,
Антыңды бұзып айрылма,
Зейініңді бермен сал.
Жапанға біткен жасылды-ау,
Момындардың басы сау,
Жаманды байқай қарасан,
Күндердің күні болғанда
Өз басына өзі жау.

Арғымақ-жақсы ат мініп,
 Жеке шығып елімнен,
 Толықсып толғау толғамас,
 Іштегі қызған басылды-ау!
 Жапанға біткен байтерек,
 Жапырағын байқасаң,
 Жайқалмағы желден-ді,
 Түбіндегі балаусасы белден-ді.
 Хан, төренің кешігіп,
 Кідірмегі елден-ді,
 Кешіп өтпек сайдан-ды,
 Шығынды болмақ байдан-ды,
 Ақ киіктің орытып,
 Жүгірмегі майдан-ды,
 Батыр болмақ ойдан-ды.
 Айқайласып жауға ти,
 Тәңрім білер, жігіттер,
 Ажалымыз қайдан-ды.



Жалған дүние

2 — 1

Қоғалы көлдер, құм, сулар,
 Кімдерге қоныс болмаған?
 Саздауға біткен құба тал,
 Кімдерге сайғақ болмаған?
 Басына жібек байлаған,
 Арулар кімнен қалмаған?
 Таңдап мінген тұлпарлар,
 Иесін қайда жаяу салмаған
 Құландар ішпес бұршақ қақ,
 Кімдерге шәрбет болмаған?
 Садағына сары шіркей ұялап,
 Жау іздеген ерлердің

Қайда басы қалмаған?
Ішелік те, киелік,
Мінелік те, түселік,
Ойналық та, күлелік,
Ойласаңдар жігіттер,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған!?



12



Шашылу

Сөйлесем даусым аңқыған,
Сөйлеуге жүрек талпынған.
Атасы Беріш болса да,
Артық пайда көрмедім:
Егіз бенен Балқыдан.
Алақандай Нарында
Мүкаммалым шашылды,
Шағалалы көлдей шалқыған.
Аспанда ұшқан ақ сұңқар,
Қолымда түйғын, лашын;
Қосылған жаста арудың
Көре алмай кеттім құлашын.


Арпа жемес арғымақ
 Ақ селеу отқа зар болар.
 Миуа, шекер жемеген
 Алғаным мен балаларым,
 Қоңырсыған дүние-ай,
 Қой етіне зар болар!
 Жапаннан қарсақ ін қазар,
 Хан салдырған жәрменке,
 Жырақ болсын бізден бұл базар.
 Қатын қалса бай табар,
 Қарындас қалса жай табар.
 Артымда қалған ақсақал
 Алқалай кенес кұрған күн,
 Ақыл менен ой табар.
 Кейін қалған жас бала,
 Күдер үзіп біздерден,
 Көңілі қашан жай табар.



Қайда бар?

Артымда қалған алғаным,
 Қытайлы қызыл көйлегі,
 Күнге қойсаң оңар ма?
 Мұндай қорлық болар ма?
 Ақ сұнқар кұстың баласы,
 Қасқыр тартқан жемтікке
 Ағармай көзі қонар ма?
 Қаршыға кұсты көп көрдім,
 Қайырылып қазға қараған.
 Қатын, бала, қара орман —
 Баршасын жауға алдырған.
 Құрулы жатқан жебеге,

Құрсағынан шалдырған,
Асыра келіп ойласам,
Бұл заманның шағында
Махамбеттей зарығып,
Мұнды болған қайда бар?!



Нарын

Абайламай айрылдым,
Аржақтағы елімнен,
Анау Нарын деген жерімнен.
Тірі кеттім демеймін,
Кем болмады өлімнен.
Теңім үлгі алмады,
Аузымдағы желімнен.
Істеген ісім кетті далаға
Қашан өтіп шығам деп,
Қайғырамын мен дағы,
Жайықтан арғы далаға,
Басқа қысым түскен сон,

Қайрылмастай күн болды
Қатын менен балаға.
Барсаң сәлем айта бар
Ата менен анаға.
Жаудан аман жан қалса,
Қара орман — малым садаға!
Өлең айтып толғадым,
Көкірегімді басарға.
Қаралай отын жармадым
Тас қазанды асарға.
Махамбеттей мұндыға
Енді келер күн қайда?
Ханға кұрған шатырды
Сүңгіменен түртіп ашарға?
Алтын жақса жарасар,
Жылтыраған күміске.
Он екі ата Байұлы¹
Жыйылып келсе бұл іске,
Алты сан алаш² ат бөліп,
Тізгінін берсе қолыма,
Заулар едім бір көшке...

¹ Он екі ата Байұлы — ру аты. Кішіжүздің көпшілігі Байұлы болады. Байұлы он екі атаға бөлінеді.

² Алты сан алаш — күллі қазақ деген ұғымда.



Әрәйнә¹

Әрәйнә, билер, Әрәйнә,
Арғымағым жарай ма?
Астыма мінген арғымақ,
Күшіген жүнді сұр жебе,
Жауына қардай борай ма?
Ел шетіне жау келсе,
Азамат ердің баласы,
Намысына шыдай ма?

¹ Әрәйнә — бұрынғы кездегі бір батырдың аты. Ескі ақындардың көп өлеңі сол батырды құрметтеп, еске түсіріп, «Әрәйнә» деп келеді.

Жаттан көмек сұрай ма?
Арғымақ жалсыз,
Ер малсыз,
Алланың не берері болжаусыз,
Жолдастарым, мұнай ма!!



Мұнайма

Ханның ісі қатайды,
Азамат ерден бақ тайды.
Қанды көбе¹ киініп,
Бір аллаға сыйынып,
Ұрандап жауға тигенде,
Кім жеңері талай-ды,
Жолдастарым мұнайма!

¹ Көбе — сауыт.




Аймақ көл

Аймақ та, аймақ, аймақ көл,
Дария болып шалқымас,
Аяғы төмен аққан соң.
Айдан жарық нәрсе жоқ,
Сәулесі түспес жаһанға,
Қараңғы түнек басқан соң.
Арыстаннан күшті аң болмас,
О да өледі, жігіттер,
Мергендер таңдап атқан соң.
Алалы жылқы, ақтылы қой,
Андыған бөрі жемей ме,
Иесі ұйықтап жатқан соң?

Шақырғанмен келер ме,
Кешегі менің арыстаным,
Өзі шын барар жерін тапқан соң?
Егізімнен айрылып,
Мен бір аққу болдым халықтан соң.





Күн қайда

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік боз орда,
Еңкеймей кірер күн қайда?
Қара бұланның¹ терісін
Етік қылар күн қайда?
Көдіреден² бау тағып,
Сауыт киер күн қайда?
Күмбір-күмбір кісінетіп,

¹ Бұл ан — аң.

² Көдіре — төзімді нәрседен жасаған бау.

Күренді мінер күн қайда?
Толғамалы ақ мылтық,
Толғап ұстар күн қайда?
Алты құлаш ақ найза,
Ұсынып шаншар күн қайда?
Садақ толған сай кез оқ,
Масағынан¹ өткізіп,
Басын қолға жеткізіп,
Созып тартар күн қайда?
Керт бұғыдай² билерден
Ақыл сұрар күн қайда?
Бізді тапқан ананың,
Асыраған атаның,
Ризалықпен жайласып,
Қолын алар күн қайда?
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынға бие біз байлап,
Орнықты қара сабадан
Бозбаламен күліп-ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?

¹ Масақ — садақ оғының ұшы.

² Керт бұғы — бұғының бір түрі.





Айныман

Айтса дағы айныман,
Көлденеңнің сөзіне.
Әшкере болған ісім бар,
Жыйылған жұрттың көзіне.
Кеткенім жоқ олжа үшін,
Кетіп едім елімнен:
Атана нәлет Жәңгірдің
Қан жылатқан заңы үшін.
Баданамды баса бөктеріп,
Қасыма жатқан жолдас ертіп,

¹ Бадана — сауыт.

Күн-түн қатып жүргенім:
Ана Нарында жатқан
Жас баланың қамы үшін.





*Жайықтың бойы
көк шалғын*


Жайықтың бойы көк шалғын,
Күзерміз де, жайлармыз.
Күлісті сынды күренді,
Күдірейтіп күнде байлармыз.
Құдай істі оңдаса,
Ісім жөнге келгенде,
Қамалған көп дұшпан,
Әлі де болса, қойдай қылып айдар-
мыз.



Шегініс

Алты күндей алаулап,
Он екі күндей ой ойлап,
Ақылды алпыс жаққа шаптырып,
Ақыл жөнге келгенсін:
Толғай-толғай жүгірген,
Топырақты суырған,
Ертеден салса кешке озған,
Ылдыйдай салса төске озған,
Қой мойынды көк жұлын,
Томаға көзді қасқа азбан,
Көк жұлынды жетелеп,
Қыйсық жерден төтелеп,
Қабырға, қол сөгіліп,


Арғымақ ат бүгіліп,
Әзіреттен ант ішіп,
Ақыретті жанға байланып,
Талай жүрдік далада,
Әділ жаннан түңіліп.



Қаршыға деген бір кұс бар

Қаршыға деген бір кұс бар,
Қанаты айдың астында,
Уясы оның саяда,
Қарағай, қайың басында.
Анқау өскен ер едім,
Бұла болып жасымда.
Бұл қонысқа қондырған
Ата, бабам оңбасын,
Таңда сират¹ басында.


¹ Сират — діни ұғым бойынша: қыяметтің қыл көпірі.




Біз неткен ер

Біз неткен ер, неткен ер?
Сергелденмен өткен ер.
Еділ менен Дендерден,
Сағыз бенен Жемдерден,
Онан да талып өткен ер.
Арқада Әлім бар-ды деп,
Қайыспас қара нар-ды деп,
Оған да барып жеткен ер.
Біз ер едік, ер едік,
Ен Нарында жүргенде
Қалмаққа шатыс хандарды,
Қабландай қайраңға соғып,


Етін талай жеп едік.
Біз Өтемістен туған он едік,
Сол онымыз жүргенде,
Мың сан әскер қол едік,
Біздің жайды сұрасаң,
Ерте көшіп, кеш қонған
Санаулы сәнді орданың бірі едік.





Ұл туса

Күн қақты ердің астында
Көп жүгіретін көлік бар.
Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар.
Қарайғанның, жігіттер,
Бәрін кісі деменіз;
Күпе-күндіз тайраңдап,
Түзге шықпас «ерлер» бар.
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Ордалыға көз салсан,
Оғы қалса, жоғалмас.



Топтан озған тарлан боз,
Тұрасынан айрылса,
Тасты басып тұра алмас.
Асылдан болат ұл туса,
Екі жақ болып тұрғанда,
Егескен жерден шарт кетер,
Жаурыннан өтін алса да,
Жамандарға жалынбас.



Қарағай шаптым шандоздап

Қарағай шаптым
 шандоздап,
Хан қарасын жоям деп.
Жолбарысша жорыттым,
Етіне құлан тоям деп.
Қыран құстың баласы
Ұшса келмес ұяға.
Асыл ердің баласы
Жауды көрсе шыдамай,
Көзін салар қыяға.

Ермін деген жігітті
Кеншілікте сынама.
Келмейтұғын нәрсеге
Жаныңды кыйнап жылама!





Ай астында бір көл бар

Ай астында бір көл бар, —
Ат шаптырса жеткісіз.
Ортасында алуа, шекер бар, —
Татқан кулар кеткісіз.
Қарада да кара бар, —
Хан ұлы басып өткісіз.
Алланың бір күні бар, —
Бір жарым ай жеткісіз.
Мұңдас ерлер болмаса,
Менің айтқан сөздерім,
Құлқына жаман жеткісіз.



Аспандағы боз торғай

Аспандағы боз торғай,
Бозаңда болар ұясы;
Бозаңның түбін су алса,
Қайғыда болар анасы.
Қара лашын, ақ түйғын,
Қайында болар ұясы;
Қайыңның басын жел сокса,
Қайғыда болар анасы.
Айланбастың Ала-тау
Баурында болар саясы.
Тоқсан тарау су ақса,
Дария болар сағасы.

Сан шерулі* кол болса,
Батырлар болар ағасы.
Аз сөйлер де, көп тындар,
Қас асылдың баласы.
Қалы кілем, қара нар
Жарасады қатарға.
Аруана жыйсаң жарасар,
Ұлы күнде сапарға.
Қаумалаған қарындас,
Қазақта бар да, менде жоқ.
Арызымды айтарға,



Күмісті мылтық қолға алып

Күмісті мылтық қолға алып,
Көлден қуларды ұшырдым.
Қолымдағы құсымды
Қапылықпен ұшырдым.
Алтыннан айбат тор жасап,
Ақыры қолға түсірдім.

Шамдансам шалқамнан түсер асауым
Шамырқансам шатынап сынар болатпын.
Құс ілген куда сын жоқ, ұят пен.
Жігіт жауға шаппай қалар деймісін.

Қанды көбе киініп,
Бір аллаға сыйынып,
Кезенген жауға кез келдік
Жалаң найза, бір атпен.



Алғай¹

Мен алмаған Алғай-ай!
Шыға алмаған далаға-ай!
Қара қазақ баласын,
Атаңа нәлет Жәңгір хан
Көзінен тізіп жіберді-ау,
Орынбор деген қалаға-ай!


¹ Алғай — Таловка ауданындағы кішілеу бір поселкенің аты.





Тілек



Қамалаған жаудан қайтпаған,
Қайнаған кара бұлттай,
Қарсы біткен жүрегім.
Ертеден кешке шейін зарласам,
Бермей ме екен құдайым,
Біздей тарыққан ердің тілегін?



Нарында

Біздің анау Нарында
Бір төбелер бар еді:
Айналасы ат шаптырса жеткісіз.
Қыйқулап ұшқан қырғауыл,
Күнінде кұлай да басып өткісіз.
Қойды мыңға толтырған
Нарынның ана құмдары.
Түйені жүзге толтырған
Көкпекті шытыр жерлері.
Жатып қалған тайлағы
Жардай атан болған жер.
Жабағылы тоқтысы


Кой болып, қора толған жер.
Балдырғаны білектей,
Баттауығы жүректей,
Ондай қоныс маған жоқ,
Кұдай қылды амал жоқ.



Біткен істің міні жоқ

Біткен істің міні жоқ,
Бітірген ердің кемі жоқ.
Тура ажалдың емі жоқ,
Арқада жатқан ақ киік, —
Атып алып етін жеп,
Ішіп қандым сорпасын,
Сапырулы сары балдан,
Еш те бір жерде кемі жоқ.
Жасыл ала үйрек, қоңыр қаз
Жайқай ұшқан көлде жоқ.
Тар қолтықтан оқ тисе,
Тарыққанда кайрылар,

Қарындасым менде жоқ.
Балдағы алтын ақ болат,
Салайын десем қын да жоқ.
Қанатынан қайрылып,
Ит алған қуда сын да жоқ.




Арғымаққа оқ тиді

Арғымаққа оқ тиді —
Қыл мықынның түбінен.
Ер жігітке оқ тиді —
Ауыз омыртқаның түбінен.
Жантайып жатып көп іштім
Жаздықтың шалшық көлінен.
Қайтейін енді дүние-ай!
Жағдайсыз кетіп барамын,
Қасымда көмектің кемінен.

Мен ақ сұңқардан туған қудаймын,
Бір сұңқарға жұбаймын.

Сауырыма қамшы тигенде,
Шаппай неғып шыдаймын.
Түбін қазған мен бәйтерек,
Толкуменен құлармын.





*Мен тауда ойнаған
қарт марал*

Хат оқыйды молдалар
Қаламмен тартқан сыядан.
Екі кісі тең барса,
Онды төре береді
Ақылға жетік би адам.

Мен тауда ойнаған қарт марал:
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қыядан.
Қайыңның басын жел соқса,

Қаршыға құс қайғырар,
Балапаным суға кетер деп,
Мамығын төккен ұядан.
Ол дағы біздей болған сорлы екен!





Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ

Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ
Көлінде жатып көркеймес,
Ортайса көлдің қоғасы,
Аруана мая күңіренер,
Бауырынан өлсе баласы.
Суда жүзген нән балық,
Шағала құсқа жем болар,
Үзілсе көлдің сағасы.
Атадан қалған сауыттың
Шығыршығын тот басар,
Жыртыла тозса жағасы.
Таудай болған талаптың

Назары қайтқан күн болған.
 Жібектен бауы көнеріп,
 Ақ сұңқар ұшқан күн болған.
 Бағаналы боз орда,
 Еңкейіңкі күн болған.
 Телегей теңіз шалқыған,
 Қоғалы көлдер суалып,
 Тізеге жетер-жетпес күн болған,
 Жапанға біткен байтерек,
 Жапырағынан айрылып,
 Қу түбір болған күн болған.
 Алқалаған жер болса,
 Азамат басы кұралса,
 Машһурат¹ кеңес сұралса,
 Машһурат берер ер едік.
 Исатайдан айрылып,
 Алқалай кеген кеңесте,
 Дем кұрыған күн болған.

¹ Машһурат — кеңес, ақыл.



Мен едім

Боз ағаштан биік мен едім,
 Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
 Ел кұтқарар ер едім, —
 Жандаспай ақыры бір тынбан.
 Томағалы сұңқар мен едім, —
 Толғамалы найзамен,
 Толқысып жауға шапқанда,
 Бір озғанмын жұртымнан.
 Ер дұшпаны көп болар,
 Қатын дұшпан, жігіттер,
 Не демес дейсің сыртымнан.



*Махамбеттің Жәңгірге
айтқаны*

Хан емессің қасқырсың,
Қас албасты басқырсың;
Достарың келіп табалап,
Дұшпаның сені басқа ұрсын!
Хан емессің ылаңсың,
Қара шұбар жылансың.
Хан емессің аянсың,
Айыр құйрық шаянсын.



*Махамбеттің Баймағамбет
сұлтанға айтқаны*

I

Алай ма, сұлтан, алай ма!
Астыма мінген арғымақ,
Аяндай түсіп, марай ма?¹
Арғымақ дейтін жығылар,
Найза бойы жар келсе,
Жабыдайын жалтандап,
Түсер жерін қарай ма?

¹ Марай ма — жалқаусый ма?

Арғымақ атқа айдай таға қақтырса,
Кілегей қатқан Еділдің
Көкше мұзынан таяр ма?!
Ата ұлының баласы,
Асыл ерге малың бер,
Малың бер де, басын қос,
Басыңа тарлық түскенде
Ардақтаған әділ жанын аяр ма?!

II

Біз бір енеден бір едік.
Бір енеден екі едік.
Екеуміз жүргенде,
Бір-бірімізге ес едік.
Бір енеден үш едік,
Үшеуміз жүргенде,
Толып жатқан күш едік.
Бір енеден бес едік,
Бесеуміз жүргенде,
Алашқа болман деуші едік.
Өтемістен туған он едік,
Онымыз атқа мінгенде,
Жер қайысқан қол едік.

III

Еділді көріп емсеген,
Жайықты көріп жемсеген,
Таудағы тарлан шұбар біз едік.
Исатайдың барында,
Қара қазан, сары бала
Қамы үшін қылыш сермедік.
Шабытымыз келгенде,

Ерегіскен дұшпанды,
Шетінен сүйреп жеп едік.
Баста дәурен тұрғанда,
Біздер дағы байеке.
Оза көшіп, кең жайлап,
Еркімен еркін жатқан ел едік.

IV

Еділ үшін егестік,
Тептер үшін тебістік.
Жайық үшін жандастық,
Қыйғаш үшін қырылдық.
Теңдікті, малды бермедік,
Теңдіксіз малға көнбедік.
Ханның кірген ақ орда,
Бұзуын ойлап кеңестік.
Аламанға¹ жел бердік,
Аса жұртты меңгердік.
Қара казак баласын
Хан ұлына теңгердік.
Өздерінде хандарды
Қабырғасын сөгілтіп,
Қабырғадан аққан қан
Ат баурына төгілтіп,
Әділ жаннан түңілтіп,
Ат көтіне өңгердік.

V

Кешегі Исатайдың барында,
Алақандай Нарынды,
Басушы едім құлаштай.

¹ Аламан — көпшілік, бұқара.

Жәбір беріп, жала етсең,
Былғанған басым ласқа-ай!
Мен бір шарға ұстаған
Қара балта едім,
Шабуын таппай кетілдім,
Қайраса тағы жетілдім.
Көрмес, келмес деп едім,
Өз еркіммен бетінді-ай!
Есігіңнің алдына
Ұрмай, соқпай келтірген,
(Арманың бар ма құдайға),
Мынау Махамбет сынды
«жетімді»-ай!

VI

Ханнан кегім ала алмай,
Арқаның алпыс екі саласына
барғанда
Айдаһардай арбадың,
Арбадың да, қалмадың.
Қайрат қылар ер біз болсақ,
Заманымда болған «сұлтаным»,
Бізді жіпсіз байладың.

VII

Еділ мен Жайық жер еді-ау,
Мекен еткен шаруаға —
Жағасы қорған жай еді-ау.
Жай қоныстан айрылып,
Мен бір қаңғып жүрген қараша,
Қайта-қайта іздетіп,
Менде қандай ауыр ақың бар
еді-ау?!

VIII

Мен ақ сұңқар құстың сойы едім,
Шамырқансам тағы кетермін.
Кетпей де немек етермін?
Бұл барғаннан барармын,
Қыядан орын ғлармын.
Өтініп алып от жақпан,
Дұшпанға қылыш ұрармын.
Жазға бір ай қалғанда.
Ала сапыран болғанда,
Бөліне көшкен еліңді
Бөріккен қойдай қылармын.
Жарыла көшкен еліңді
Жаралы қойдай қылармын.
Мен кеткенмен тек кетпен,
Сізден артық табармын.
Ашуыма көп тисең,
Өзекті жанға бір өлім,
Орданды талқан ғып шабармын.

IX

Беркініп садақ асынған,
Біріндеп жауын қашырған.
Күйқылжыған құла жирен ат мінген,
Күйрық, жалын шорт түйген
Мен кесекті ердің сойымын
Кескілеспей бір басылман.
Алдыңа келіп тұрмын деп,
Ар, намысым қашырман.
Сүйегім тұтам қалғанша,
Тартылмай сөйлер асылмын.

Ай, тақсыр-ау, ай, тақсыр,
Бойың жетпес биікпін,
Бұлқа жетпей шарт сынбан!
Айта келген сөзім бар,
Не қылсаң да жасырман.
Шамдансам шығар асаумын,
Шамырқансам сынар болатпын,
Көр қылад деп «тақсыр-ау!»
Аяғыңа бас ұрман.
Бәй-еке «сұлтан» ақ сүйек,
Қыларың болса қылып қал,
Күндердің күні болғанда:
Бас кесермін жасырман.

X

Ей, тақсыр-ау, ей, тақсыр!
Боз орданы тіктім деп,
Боз ағашты жықтым деп,
Ханым-ханым дегенге,
Көтере берме бұтыңды,
Көптіре берме ұртыңды,
Күндердің күні болғанда,
Өзіңнен мықты жолықса,
Ту сыртыңнан жармай алар өтінді.
Тәуекел хаққа бел байлап,
Қыймалы найза өңгеріп,
Бозбалаға жел беріп,
Атқа мініп шыққанда,
Ұлым төре, сенің де,
Көрер едім көтінді.

XI

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде:

Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Қай қазақтан кем едім?
Бір қазақпен тең едім.
Өздеріңдей хандардың,
Қарны жуан билердің,
Атандай даусын ақыртып,
Лауазымын көкке

шақыртып,

Басын кесем деп едім.
Еділдің бойы ен тоғай, —
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге
Мал толтырсам деп едім.
Еңсесі биік ақ орда, —
Еріксіз кірсем деп едім.
Керегесін қыйратып, —
Отын етсем деп едім.
Туырлығын кескілеп,
Тоқым етсем деп едім.
Тақта отырған

хандардың

Төрде отырған ханымын
Қатын етсем деп едім.
Әлдилеген баласын
Жетім етсем деп едім
Хан сарқыты — сары бал, —
Сұраусыз ішсем деп едім.
Ханның киген кіреуке, —
Үстіме кісем деп едім.
Қанікейдей көріктіңді
Қалыңсыз құшсам деп едім.
Тінікейдей тектінді

Ителгі көзін төңкертіп,
Күшіктей даусын қыңсытып,
Аш күзендей белін

бүгілтіп,
Әділ жаннан түңілтіп,
Ат көтіне үңілтіп,
Артыма салсам деп едім.
Тілекті тәңір бермеді,
Өздеріндей хандарды
Осылай бір қылсам деп едім!

XII

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде,
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім.
Ерегіскен дұшпанға
Қызыл сырлы жебе едім.
Жақсыларға еп едім,
Жамандарға көп едім.
Ерегіскен дұшпанның,
Екі талай болғанда,
Азыққа етін жеп едім.
Хан баласы ақ сүйек,
Ежелден табан аңдысқан
Ата дұшпан сен едің,
Ата жауың мен едім.
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кесіп жең болмас!!
Хан баласы ақ сүйек —
Бәйеке сұлтан сен болып,
Сендей нарқоспақтың баласы,
Маған оңаша жерде жолықсан,

Қайраңнан алған шабақтай
Қыя бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер
демес ем!





Қызғыш кұс

Ау, қызғыш кұс, қызғыш кұс,
Қанатың қатты, мойның бос.
Исатайдан айрылып,
Жалғыздықпен болдым дос.
Ау, қызғыш кұс, қызғыш кұс!
Ел қорыған мен едім,
Мен де айрылдым елімнен;
Көл қорыған сен едің,
Сен де айрылдың көліңнен.
Аспандап ұшқан қызғыш кұс!
Сені көлден айырған —
Лашын кұстың текпіні;

Мені елден айырған —
Хан Жәңгірдің екпіні.
Айтып-айтпай немене?
Кұсалықпен өтті ғой,
Махамбеттің көп күні!!!





Менің атым Махамбет

Менің атым Махамбет,
Жасқұстағы! Жәңгір хан
Ісінен болдым құса дерт.
Атасы өткен Айшуақ,
Соның көзі көрді ғой;
Менің атам Өтеміс,
Елдің қамын жеді ғой.

† Жасқұс — Орда ауданының тұрған жері.



Жалғыздық

Бұл дүниенің жүзінде,
Айдан көркем нәрсе жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен көркем нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Мұсылманшылық кімде жоқ?
Тілде бар да, дінде жоқ.
Көшпелі дәулет кімде жоқ?
Бірде бар да, бірде жоқ.
Азамат ерлер кімде жоқ?
Еріккен күні қолда жоқ.
Заманым менің тар болды,


Тура әділдік биде жоқ.
Бәрін айт та, бірін айт,
Қаумалаған қарындас
Қазақта бар да, менде жоқ.



Тар қамау

Маң-маң басқан сары атан
Маңғыстап шығар өріске.
Бұрынғыдай қарыштап,
Қона алмадық конысқа,
Келе алмадық келіске,
Тағыдай таңдап су ішкен,
Тарпандай тізесін бүгіп от жеген
Тағы сынды жан едік,
Тағы да келдік тар жерге,
Таңдансаң тағы болар ма,
Тәңірің салған бұл іске?!
Ата, енені сөктіріп,

Ат басына соқтырып,
Нәлет десе болмас па,
Осылай жүрген жүріске.



Қуатымның барында

Жайықтың бойы енді су,
Кешегі қуатымның барында,
Тіземмен бұзып өткенмін.
Жаныма айла болар деп,
Назарды тастап Шүренге,
Күнім үшін жеткенмін.
Әлпештеген аруды —
Бәрін тастап кеткенмін.





Туған ұлдан не пайда?

Ақ жұмыртқа, сары уыз,
Әлпештеп қолда өсірген,
Туған ұлдан не пайда,
Қолына найза алмаса,
Атаның жолын қумаса?
Алаштың байлығынан не пайда,
Құланнан басқа ел таппай,
Қонарына жер таппай,
Маңқыйған сары даладан,
Екінтіде құлаған,
Тарығып келген ерлерге
Қайыры оның болмаса?

Алтын тақты хандардың,
Хандығынан не пайда,
Қарып пенен қасерге
Туралық ісі болмаса?







Бағаналы терек

Орайда, борай қар жауса,
Қалыңға боран борар ма?
Қаптай соққан боранда,
Қаптама киген тоңар ма?
Туырлықсыз тұл үйге,
Ту байласаң тұрар ма?
Бағаналы терек жарылса,
Бақыраш жамап болар ма?
Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, —
Еменге иір бұтақ бітсейші! —
Қыранға тұғыр қыларға.
Ханнан қырық туғанша,

Қарадан бір-ақ тусайшы,
Халықтың кегін кусайшы,
Артымыздан біздердің
Ақырып теңдік сұрарға.





Әй, Махамбет жолдасым


Әй, Махамбет жолдасым,
Аш арыстан жолбарысым,
Ісімнің білдім оңбасын.
Оңбаған емей немене,
Өтірік сөзге алданып,
Бақытым ауып басымнан,
Әскерім кетіп қасымнан,
Жапанда жалғыз қалған соң.
Өкінгенмен пайда жоқ,
Кұдайым басқа салған соң.
Мезгілді уақыт болғанда,
Опасыз мынау жалғанда,

Ажал қарсы келгенде,
Қараңғы көрге кіргенде,
Қасында тұрар жан бар ма?
Осының бәрін ойласаң,
Өткенге бекер өкініп,
Кұр жылаудан сән бар ма?
Жолдасын жауға алдырып,
Жанымды қыймай қаңғырып,
Қашатын менде жөн бар ма?
Қатын, бала мал бағып,
Үйде отырсам да өлем деп,
Қорлықта жүрген халқыма,
Бостандық алып берем деп,
Қырық бір жасқа келгенде
Ауыр әскер қол ертіп,
Жасқұсқа барып кіргенде,
Арыстандай ақырған,
Айбатыма шыдамай,
Хан баласы жылады-ай,
«Жанымды қой» деп сұрады-ай!
Ақкөңіл аңқау жүрекпен,
Беремін деп мен тұрмын.
Көк бедеуді бауырлап,
Шабамын деп сен тұрдың.
Исатай басшы білсін деп,
Ауыр әскер қол тұрды.
Қырық бір жасқа келгенше,
Өз дегенім болмаса,
Өзгенің тілін алмаған,
Кісі ақылы қонбаған,
Қанша айтса да болмадым.
Сөзіне құлақ салмадым.
Бұрала біткен емендей,
Қыйсық туған сорлы ағаң,
Хан сөзіне сенгенім,

Он күн мұрсат бергенім.
Әскерімді таратып,
Он бір күнге қаратып,
Бекетай құмға келгенім.
Сүйткен бір қайран халқым-ай,
Қасыма бір келмедім.
Сол халқымды көрмей өлгенім.
Не салса да алланың
Тағдырына көнгенім.
Қош, аман бол, жолдасым,
Бұ дүниенің жүзінде,
Осы болар сені көргенім.
Қапыда өткен дүние-ай,
Ақырында еш болды-ау
Ел үшін еткен еңбегім.
Атаңа нәлет хан ұлы-ай!
Тілегін сұрап алған соң,
Ойлағаны болған соң,
Патшаға хабар салдырып,
Патшадан солдат алдырып,
(Құрсағымнан шалдырып).
Айтып, айтпай не пайда,
Егеулі найза өңгерген,
Азды көпке теңгерген,
Қабыланбай мен Қалдыбай,
Рысалы, Көбек жолдасым,
Жауда өлді жолбарысым...
Сол ерлерден айрылып,
Исатай мен Махамбет —
Екі арыстан ер қалды-ау!
Адыра қалғыр қу нарын
Талауға түсіп, бүлініп,
Адамы қойдай қырылып,
Құлазыған жер қалды-ау!
Қарағай, қайың, тал, терек, —

Қалың орман ну қалды-ау!
Қыйқулап құстар қонатын,
Суы тұнық көл қалды-ау!
Тәрбиелеп өсірген
Ата мен ана бұл қалды-ау!
Қатын жесір тұл қалды-ау!
Еңбекпен жыйған мал қалды-ау!
Бұлардан енді қыймайтын
Енді менің нем қалды-ау!?
Тек шықпаған жан қалды-ау!
Ойлап бір, ойлап қарасам,
Еңбек етіп ел үшін,
Арманда өтіп кетті деп,
Соңымда бір қалған халқыма,
Артымда бір атак, даңқ қалды-ау.
Сәлем айтып кетейін,
Артымда қалған елдерге.
Арманымды айтып кетейін,
Найза ұстаған ерлерге.
Арыстан туған Исатай
Дегеніне жете алмай,
Арманда өтіп кетті деп,
Олардың кегін алуға,
Кезек бізге жетті деп,
Қыйналар ма екен біздерге?
Қыйналсаңыз біздерге,
Мың рахмет сіздерге!
Қапыда өткен дүние-ай,
Халқымның көрген қорлығы,
Хандардың өткен зорлығы.
Ақ жүрегін тебірентіп,
Ер көңілін желдентіп,
Ақ сүйектің баласын
Қара ұлына теңгеріп,
Қоңыраулы найза өңгердім.

Жетімдерге жем бердім,
Жесірлерге жер бердім.
Ақырында дүние-ай,
Сол ерліктен не көрдім!?
Жолдасқа билік бермедім,
Кешегі хан үстіне барғанда,
Ақсүйектің баласы,
Бақадай шулап тұрғанда
Ерлікпенен алданып,
Өзіме өзім қас қылдым.
Сырлы зерен аякпен
Бал ұрттаған ер едім,
Бір уақыттар болғанда,
Көктей өтіп Жайықты,
Бір қасық ішкен қара су,
Жұмасына ас қылдым.
Осы жақта мен өліп,
Артымда тірі сен қалсаң,
Жаңа өспірім Жақияны,
Жолдасым саған тапсырдым!



Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай


Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай,
Сүт беріп сұлы беріп баптағаны-ай.
Зеңбірек үш атқанда дарымады,
Кұдайдың міне, қара сақтағаны-ай!
Мінгені Исатайдың көгілдірді-ай,
Әскерін барша құмға төгілдірді-ай,
Мынды алған, бірді беріп Ақтабанды,
Жыландай белге соққан бүгілдірді-ай!
Баласы Исатайдың Жақия-ды.
Жақия жауды көрсе ақияды.
Түлейді түнде жортқан жолбарыстай
Алдырдым қабанымды қапыяда-ай!



Исатай деген ағам бар

Исатай деген ағам бар,
Ақ кіреуке жағам бар,
Хан ұлымен қас болып,
Қара ұлына бас болып,
Хан үстіне барғанда,
Шабайық ханды дегенде,
Шапқандай ханды амал бар.
Амал барда хан шаппай,
Тәңрім қылды не амал бар?!
Ат туады байталдан,
Айт десең лебіз қайтарман,
Халық қайғысын айтуға,

Хан ұлынан тайсалман.
Төрт-бес жылдай алысып,
Мына тұрған Исакем,
Ханның бір тауын қайтарған.
Ат туар ма шұбардай,
Ер туар ма бұлардай?! —
Дуылғалы бас кесіп,
Дұшпанының қанына
Ақ алмасын суармай!!!





Арқаның қызыл изені

Арқаның қызыл изені!
Басы күрдек, түбі арал,
Қыдырып шалар аруана.
Кәрісі кімнің жоқ болса,
Жасы болар дуана.
Бір сынаған жаманды,
Екіншілей сынама.
Тіріде сыйласпаған ағайын,
Кұм құйылсын көзіне,
Өлгенде бекер жылама!

½ Изен — шөптің аты.

Ер табылғанын жөнелтіп,
Есізде аңырап қалған шақ,
Біздерден ақыл сұрама!
Көшер еді-ау біздің ел,
Сонау Еділден бергі тұрған
жердейін,

Қонар еді-ау біздің ел,
Арқада қоныс шөлдейін.
Нұралыдан қалған көп тентек,
Бүлдірмегей еді елімді,
Лашын күс, бүркіт шайқаған
шілдейін.

Ашының бойы көк тоғай, —
Жайламас еді біздің ел,
Жері жаман сусыз деп,
Жабыдан айғыр салмады,
Баласы оның сынсыз деп,
Базарға сатсаң пұлсыз деп.
Балдағы алтын ақ болат,
Асынбас еді біздің батырлар,
Көктенде сауыр қынсыз деп.
Ер қабыланын жөнелтіп,
Елсізде қаңғып қалған шақ,
Кім айтады бізді мұңсыз деп!






Мен кўстан туған кўмаймын

Мен кўстан туған кўмаймын,
Бір тўлпарға жўбаймын,
Сауырыма қамшы тиген соң,
Шаппай неғып шыдаймын?
Мен түбін кескен байтерек,
Толқын соқса кўлармын.
Еріскендей ер болса,
Соғысқандай жер болса,
Бірме-бірге келгенде,
Әлі де болса, бір тәңірге жылармын.
Мен қара кўстан туған қалықпан¹,

¹ Калықпан — қыран кўс.


Сөйлер сөзге жалықпан.
Көптер көзін тіккендей,
Көп соңыма түскендей,
Көптің несін алыппын?
Тыңда, халық, әлеумет,
Көп кісіден анықпын.
Қақа-қулап шақырмай,
Қанды көбік түкірмей,
Алғыншы алған арудың
Ақша бетін солдырмай,
Ата менен ананы
Қайғыменен қатырмай,
Әлпешті ұлың жат болмай,
Шайған жалғыз малтаның.
Сатқанда суы ат болмай,
Бүзбай құлан пісірмей,
Мұз үстіне от жақпай,
Қапыда қалған қасқамын, —
Қақ жүректен найза түйретпей,
Найзаны күнге құратпай,
Қарсыласқан дұшпанның
Қабырғасын бір-біріндеп күйретпей,
Әлі де болса қорқа алман,
Адасып қалған үйректей!





Белгілі туған ер едім



Белгілі туған ер едім,
Беліме садақ асынған,
Біріндеп жауды қашырған.
Мен келелі қара бұлтпын,
Келе жаумай ашылман,
Қарсыласқан дұшпанға
Найзағай билан жасылмын.



Арғымақ сені сақтадым

Арғымақ сені сақтадым,
Құлағың сенің серек деп.
Азамат сені сақтадым,
Бір күніме керек деп.
Жабыдан туған жаман ат
Шаба алмайды бөжектеп.
Қырдан қыйқу төгілсе,
Елге таман үңілсе,
Арғымақтың баласы
Шабушы еді безектеп.
Жақсыменен дос болсаң,
Айрылмас күні қос болсаң,

Басыңа қыйын іс түссе,
 Алдыңнан шығар електеп,
 Жаныңа не керек деп?
 Жаманменен дос болсан,
 Айрылмас күні қос болсан,
 Басыңа қыйын іс түссе,
 Басқа кетер бөлек деп,
 Қолдан берер есептеп,
 Сыртыңнан жүрер өсектеп.
 Ат — жігіттің майданы,
 Қылыш — жанның дәрмені,
 Өлім — жақтың пәрмені.
 Атақты ермен бірге өлсе —
 Жігіттің болмас арманы.
 Өте шыққан қызыл гүл —
 Бұл дүниенің жалғаны.



Арғымақтың баласы

Арғымақтың баласы
 Арығанын білдірмес,
 Арқамнан қосым қалар деп.
 Ағыны күшті ақ дария
 Қаһарланып толқыйды,
 Қанатын күн шалмаған балығым
 Ортамнан ойран салар деп.
 Балағы түкті қоңыр қаз
 Баттауыққа тоя оттамас,
 Сұңқарлар үлгі алар деп.
 Қас жақсының баласы
 Арада тұрып сөйлемес,

Жауым таба қылар деп.
Қас патшаның баласы
Жапанда жалғыз тұрмайды,
Дұшпандар көзін салар деп.
Қарқыны күшті көк семсер
Шапқан сайын дем тартар,
Сусыным қанға қанар деп.
Қара құс қонбас көк сенгір,
Басына құсты қондырмас,
Қарауыл қарап тұрар деп,
Қараса көзі шалар деп.



Еңселігім екі елі

Еңселігім екі елі,
Егіз қоян шекелі,
Жараған теке мүшелі.
Жауырыны жазық, мойны
 ұзын,
Оқ тартарға қолы ұзын,
Дұшпанына келгенде
Тартынбай сөйлер асылмын.
Құла бір сұлу ат мінген,
Құйрық жалын шорт түйген.
Кұм сағыздай созылған,
Дуылғалы бас кескен,

Ту түбінен ту алған,
Жауды көріп қуанған,
Мен Өтемістің баласы,
Махамбет атты батырмын!



Атадан туған аруақты ер

Атадан туған аруақты ер
Жауды көрсе, жапырар,
Үдей сокқан дауылдай.
Жамандарға қарасаң,
Малын көред жаныңдай.
Жүйрік аттың белгісі, —
Тұрады құйрық жалындай.
Айтып-айтпай немене,
Халық қозғалса,
Тұра алмайды хан тағында-ай.



Арғымақтың баласы

Арғымақтың баласы
Аз оттар да, көп жусар,
Талаудан татқан дәні бар.
Азамат ердің баласы
Аз ұйқтар да, көп жортар,
Душпанға кеткен ары мен
Барымтаға түскен малы бар.



Адыра қалған Нарынның

Адыра қалған Нарынның
Теңіз деген суы бар;
Жағасына жағалай біткен,
Қамыс деген нуы бар.
Хан ұлымен алыстық,
Қарсы тұрып шабыстық,
Бізге біткен бес еркектің
буы бар.

Адыра қалған Нарынның
Жайық деген суы бар,
Жағасында жары бар,
Қабағында қары бар,

Көнбегенді көндірген,
Қынама бешпент кидірген,
Ортасында Жәңгір деген
ханы оар.

Қырлығында оба бар,
Шұңқырында қоға бар.
Адыра қалған Нарынның
Жыңғылы мен талы бар
Қонысы қонақ бергендей,
Жаясы мен жалы бар.
Айтып-айтпай немене,
Адыра қалған Нарында
Бас пайданың бәрі бар.
Қапыда кеткен дүние-ай!
Алақандай Нарында
Ата менен ана бар,
Іні менен аға бар,
Қарындас, халқым көп

қалды-ау,
Қатын менен бала бар;
Жалғыз ұлым Махмут, -
Бекетай кұмның ішінде
Жалғыз бір қалған со да бар.



МАЗМҰНЫ

Махамбет Өтемісұлы	3
Ереулі атқа ер салмай	25
Соғыс	27
Мінкен ер	30
Тарланым	32
Мұнар күн	34
Ұлы арман	36
Тайманның ұлы Исатай	38
Орай да, борай қар жауса	40
Ерлердің ісі бітер ме	42
Толарсақтан саз кешіп	44
Толғау	45
Жалған дүние	47
Шашылу	49
Қайда бар	51
Нарын	53
Әрәйнә	55
Мұнайма	57

Аймақ көл	58
Күн қайда	60
Айныман	62
Жайықтың бойы көк шалғын	64
Шегініс	65
Қаршыға деген бір күс бар	67
Біз неткен ер	68
Ұл туса	70
Қарағай шаптым шандоздап	72
Ай астында бір көл бар	74
Аспандағы боз торғай	75
Күмісті мылтық қолға алып	77
Алғай!	79
Тілек	80
Нарында	81
Біткен істің міні жоқ	83
Арғымаққа оқ тиді	85
Мен тауда ойнаған қарт марал	87
Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ	89
Мен едім	91
Махамбеттің Жәңгірге айтқаны	92
Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны	93
Кызғыш күс	102
Менің атым Махамбет	104
Жалғыздық	105
Тар қамау	107
Қуатымның барында	109
Туған ұлдан не пайда	110
Бағаналы терек	112
Әй, Махамбет жолдасым	114
Мінгені Исатайдың Ақтабан-ай	119
Исатай деген ағам бар	120
Арқаның қызыл изені	122
Мен құстан туған кұмаймын	124
Белгілі туған ер едім	126
Арғымақ сені сақтадым	127
Арғымақтың баласы	129
Еңселігім екі елі	131
Атадан туған аруақты ер	133
Арғымақтың баласы	134
Адыра қалғай Нарынның	135

Ейқалған қателер

Беті	Жолы		Басылғаны	Дұрысы
	Жоғарыдан	Төменнен		
4	—	5	Жанғали	Жаңақала
18	2	—	Ешкім	Ешім

Заказ № 830